

"Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 227 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 293 бүйрүғы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15172 болып тіркелді.

БҮЙРУМЫН:

1. "Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 227 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10813 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидасында:

2-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) комиссия – "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Есепке алу қағидалары) сәйкес құрылған комиссия;";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мұлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау Есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мұлікті есепке қабылдағаннан кейін мұлікке бағалау жүргізеді.

Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мұлікті бағалау туралы есептерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мұлік жөніндегі деректерді тізілімге енгізу ді қамтамасыз етеді.

Егер мұлік үлес меншігінде болған жағдайда тізілімге тек жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлік үлесі ғана енгізіледі.

4. Мұлікті одан әрі пайдалану туралы шешімді уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Мынадай мұлік түрлерін: жануарлар, жануарлардан алынатын шикізаттар, алкоголь өнімдері, темекі және темекі өнімдері, сондай-ақ жойылуға жататын немесе меншік үлесіндегі мұлікті қоспағанда тізілімге енгізілетін мұлік оны сатуға дейін веб-портал арқылы мемлекеттік заңды тұлғаларға, оның ішінде әлеуметтік қызметтердің субъектілеріне олардың теңгеріміне беру үшін ұсынылуы тиіс.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға ұсынғанға дейін уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган тізілімге мынадай құжаттардың:

1) мұліктің құнын бағалау туралы есептің;

2) жекелеген файлдармен енгізілетін мұліктің әрбір түрі бойынша суреттердің, ал жылжымайтын мұлік пен көлік құралы үшін әртүрлі жағынан түсірілген кемінде бес суреттің электрондық көшірмелерін тізілімге енгізуі қамтамасыз етеді.

Үлес меншігіндегі мұлікті сатушы сауда-саттыққа шығару алдында нарықтық құны бойынша үлес меншігінің қалған қатысуышыларына ұсынады.

Мұндай қатысуышылар сатушы жазбаша ұсынысты жіберген күннен бастап бір ай ішінде жылжымайтын мұлікті, он жұмыс күні ішінде өзге мұлікті сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда мұліктің осы үлесі сауда-саттыққа шығарылады.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мұлікті мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне беру және оны бекіту мұліктің атауын, қажетті санын, сондай-ақ жауапты хатшының, ал мұндай лауазым болмаған жағдайда тиісті саланың үәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) басшысы не болмаса оны алмастыруши тұлға қол қойған мұлікті беру қажеттілігі туралы тиісті саланың үәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) қорытындысының электронды (сканерленген) көшірмесін қоса бере отырып, мұлікті беру қажеттілігінің негізdemесін көрсете отырып тізілімнің веб- порталында тіркелетін мемлекеттік заңды тұлғалардың электрондық өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде жүзеге асырылады.";

7-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда он жұмыс күні ішінде үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мұлікті беру туралы шешімді қабылдайды.

Қабылдаушы тарап мұлікті қабылдап алу-беру актісіне үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаған күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде қол қояды.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (комиссия) сәйкес сауда ұйымы арқылы мұлікті сату үшін беру комиссиялық тапсырма, қабылдап алу-беру актісі және мұлікті

сату үшін алынған құннан жиырма бес пайыз мөлшеріндегі комиссиялық тапсырманы орындауды ақшалай қамтамасыз етуді растайтын құжат (төлем тапсырмасы немесе банктік кепілдік) негізінде жүзеге асырылады.

Сауда ұйымы төлеген комиссиялық тапсырманың орындалуын ақшалай қамтамасыз ету сатылған мүліктен түскен түсімдер есебіне есептеледі.

Қабылдан алу-беру актісіне тиісті бюджетке аударылуы тиіс соманы көрсете отырып, берілетін мүліктің тізбесі қоса беріледі.

Ақшаны аудару үшін деректемелер мемлекеттік сатып аулар туралы шартта (комиссияда) көрсетіледі.

13. Комиссиялық тапсырманы алған құннен бастап үш ай ішінде орындалған жұмыстар туралы актіге қол қойылады және сауда ұйымы сатылған мүлік бойынша комиссиялық тапсырманы орындауды ақшалай қамтамасыз етуді алып тастағанда сатылған мүліктен қаражатты тиісті бюджет кірісіне аударады.

14. Егер үш ай өткеннен кейін сатылмаған мүлік қалса, оның құны елу пайызға төмендетіледі, бұл туралы тиісті бюджетке аударылуы тиіс соманы көрсете отырып, қабылдан алу-беру актісіне тиісті қосымшаға қол қойылады.

Сауда ұйымы сатушыдан қабылдан алу-беру актісі бойынша қабылдаған мүлік қайтарылмайды.

Сауда ұйымының бастамасы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) бұзылған жағдайда комиссиялық тапсырмаларда көрсетілген мүлікті сатуға алынған сома сатушыға төленуі тиіс.";

19-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мүлік туралы мәліметтерді (сандық және сапалық жағынан өлшенетін және салыстырылатын);";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы тізілімге мынадай құжаттардың:

1) мүліктің құнын бағалау туралы есептің;

2) жекелеген файлдармен енгізілетін мүліктің әрбір түрі бойынша суреттердің, ал жылжымайтын мүлік пен көлік құралы үшін әртүрлі жағынан түсірілген кемінде бес суреттің;

3) Есепке алу қағидаларының 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Сауда-саттықта женғен және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысуышының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Кепілдік жарна сомасы сату бағасынан асқан жағдайда сатушы жазбаша өтініш берген күннен бастап кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға айырмасы қайтарылады.";

35-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер мұлік екінші сауда-саттықта өткізілмеген болса, сауда ұйымдарының қызметтерін жеткізушилер болған жағдайда алғашқы бағадан елу пайыз мөлшеріндегі баға бойынша сауда ұйымына сатуға беріледі.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Сатып алу-сату шартына сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ пайдалана отырып сатушы мен жеңімпаз қол қояды. Шартта сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға шартты жасасу негізdemесі ретінде сілтеме көрсетіледі.

Сатып алу-сату шартын сатушы қалыптастырады және сауда-саттық өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға келісуге жібереді.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Аванстық немесе түпкілікті төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатушы тиісінше хабарламадан кейін шартты бір жақты тәртіппен бұзады. Бұл ретте сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы мұлік сауда-саттыққа қайта шығарылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды қоспағанда, сатып алушыға мұлікті беру сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын сатып алушы толық төлегеннен кейін он жұмыс күні ішінде қабылдап алу-беру актісі бойынша жүргізіледі.

Қабылдап алу-беру актісі мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада (еркін нысанда) жасалады, қол қойылғаннан кейін сатушы екі жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді, оның біреуі сатушыда сақталады, ал екіншісі сатып алушыға беріледі.

Жеңімпаз белгіленген мерзімде қабылдап алу-беру актісіне қол қоймаған жағдайда сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы мұлік сауда-саттыққа қайта шығарылады ..".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне реcми

жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

М. Бекетаев

2017 жылғы "___" ____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Т. Сұлейменов

2017 жылғы "___" ____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК